

ТАСЫМАЛДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

5-БЕТ | САРАПТАМА



ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ҰЛЫ РЕФОРМАТОРЫ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



СӘН МЕН СЫМБАТ

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



Elorda.info ақпараттық порталы әлеуметтік сауалнама жүргізеді, оған QR-код арқылы дауыс беріңіз. Сауалнама нәтижесі газеттің сенбілік нөмірінде жарияланады.

№81
(4359)
Сейсенбі
12 шілде
2022 жыл

NurSultan

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ТІЛЕНДИЕВ ДАҢҒЫЛЫ ТҮЛЕЙДІ

Елордадағы Н.Тілендиев даңғылында коммуналдық базар мен жол айырығының құрылысы басталады.

2023 жылы елорданың басты даңғылдарының бірінде жаңа коммуналдық базар іске қосылып, көлік айырығының құрылысы аяқталады. Бұл туралы Сарыарқа ауданының әкімі Жүсіп Жұмағұлов мәлім етті.

Атап айтқанда, «СТО Мастеров» базарының орнына заманауи коммуналдық базардың құрылысы басталды. Инвестордың арқасында жұмыс орындарын сақтай отырып, жаңа орындар ашылады. Ал үш жылдан бері жоспарланып келген Н.Тілендиев даңғылы мен Ш.Бейсекова көшесі қиылысында жол айырығын салуға биыл бюджеттен қаражат қарастырылып, керекті процедуралар өткізілді. 15 тамызға дейін жалға алушылар «Сәлем» базарын босатып, құрылысшылар жұмысқа кіріседі.

Ірі жобаларды салу кезінде қала тұрғындарының пікірі ескерілген. Мәселен, жергілікті тұрғындармен кездесуден кейін құрылыс жоспарына жаңа сквер мен иттерді серуендетуге арналған алаңды абаттандыру енгізілді. Сондай-ақ тұрғындардың өтініші бойынша биыл «Рахмет» сауда үйі алдында жаяу жүргіншілер өткелі пайда болады.



ҚАЛА ТІРШІЛІГІНІҢ ТІРЕГІ – КӘСІПКЕР

2022 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша қаладағы белсенді кәсіпкерлер саны 175,5 мыңды құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13,3 пайызға артты. Олардың Нұр-Сұлтан қаласының ішкі өңірлік өніміне қосқан үлесі 5636,6 млрд теңгені немесе 66,9 пайызды құрады. Бұл – Қазақстанның барлық өңірі арасындағы ең жоғары көрсеткіш. Елордалық кәсіпкерлер кеше «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік көрме-байқауында өз өнімдерін ұсынды.


4

ӘЗІРШЕ ASHYQ ЕНГІЗІЛМЕЙДІ

Нұр-Сұлтан қаласында, коронавирус жұқтырғандар саны артқанына қарамастан, Ashyq қосымшасымен тексеруді енгізу жоспарда жоқ.

Нұр-Сұлтан қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Сархат Бейсенова маусым айының соңынан бері қалада коронавирус жұқтырғандар санының артуы байқалғанын айтты. Егер бір ай бұрын күніне аз жағдай тіркелсе, кейінгі екі аптада орташа тәуліктік тіркелу 120 жағдайға жетті.

Өткен тәулікте 118 коронавирус жұқтыру жағдайы тіркелді. Бүгінде ауру аз агрессивті. Өкпені жасанды желдету аппаратына қосылған науқастар жоқ. Қазір стационарда 118 науқас ем қабылдап жатыр. Әзірге Ashyq қосымшасын енгізу және қалаға кіруге немесе шығуға тыйым салу қарастырылмаған.



ЕЛЕНА РЫБАКИНА ЕРЛЕДІ

Қазақстандық теннисші Елена Рыбакина – Уимблдон турнирінің жеңімпазы. Үлкен теннистегі ең беделді төрт турнирдің бірі саналатын Уимблдон жарысында бақ сынаған 128 спортшының арасынан отандасымыз үздік шықты.

Қазақстандық спортшы финалда әлемдік рейтингтің екінші нөмірлі теннисшісі, тунистік Онс Жаберден бірінші сетте 6:3 есебімен ұтылып қалды. Алайда Рыбакина екінші және үшінші сетте де қарсыласын 6:2 есебімен тізе бүктіріп, ерлік жасады деуге болады.

Бұған дейін «Үлкен дулыға» турнирлерінің (US Open Roland Garros Australian Open Wimbledon) финалына да ешбір қазақстандық спортшы шығып көрмеген. Сондықтан бұл жеңіс Қазақстан спорты үшін тарихи көрсеткіш болды.

Жеңімпазды алғашқылардың бірі болып Мемлекет басшысы құттықтады.

«Қазақстандық теннисші Елена Рыбакина ең беделді Уимблдон турнирінде тарихи жеңіске жетті. Спортшымызды шын жүректен құттықтаймын!» деді өз құттықтауында Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кеше Мемлекет басшысы Е.Рыбакинаны II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойды. Елена Рыбакина Уимблдон турниріндегі жеңісі үшін 2000000 фунт стерлинг алды. Ал Қазақстан теннис федерациясынан берілетін сыйақыдан бас тартып, ол қаражатты балалар спортын дамытуға бағыттауды сұрады.

№81 (4359) 12/07/2022 Сейсенбі

ТҰЛҒАЛАР ЕСІМІМЕН АТАЛАДЫ

Нұр-Сұлтан шаһарындағы 30-дан аса көше мен 3 аллеяға танымал тұлғалардың есімін беру туралы қалалық мәслихаттың қаулысы ашық талқыға шығарылды.



«Алматы ауданында орналасқан А24 көшесі – Орал Мұхамеджанов, А40 көшесі – Нұрлан Балғымбаев, А62 көшесі – Сафуан Шаймерденов, Нұрлы жол көшесінің №37 үйден №26 үйге дейін жалғасқан бөлігі – Бозоқ, Мұстафа Шоқай көшесінің №2 үйден №10 үйге дейін жалғасқан бөлігі – Ботай, Мұстафа Шоқай көшесінің №20А үйден №33/2 үйге дейін жалғасқан бөлігі – Түймекент, Бастөбе көшесінің №23 үйден №37 үйге дейін жалғасқан бөлігі – Жарқұдық, Георгий Игишев көшесінің №2 үйден №16/3 үйге дейін жалғасқан бөлігі – Ақжал, Бірлік көшесінің №2/1 үйден №30/1 үйге дейін жалғасқан бөлігі – Алшалы, Иманақ көшесінің №13 үйден №7Б үйге дейін жалғасқан бөлігі Жалтыр көшесі деп аталсын.

Есіл ауданының аумағындағы №202 көшесіне – Нұркен Әбдіров, Е103 көшесіне – Олжабай батыр, Е111 көшесіне – Шерхан Мұртаза, Е324 көшесіне – Дүкенбай Досжан, Е325 көшесіне – Еркеғали Рахмадиев, Е357 көшесіне – Александр Сызғанов, Е486 көшесіне – Еркін Әуелбеков, Е576 көшесіне – Қанай би, Е577 көшесіне – Хамза Есенжанов, Е578 көшесіне – Бопай ханым, Е579 көшесіне – Қайреден Қарбаев, Е580 көшесіне – Сабыр Ниязбеков, Е582 көшесіне – Бертіс би, Е607 көшесіне – Құман Тастанбеков, Е608 көшесіне – Шолпан Жандарбекова, Е757 көшесіне – Ақселеу Сейдімбек, Е758 көшесіне – шейх Халифа бен Заид әл-Нахаян, Е889 көшесіне – Барлыбек Сырттанұлы, Е890 көшесіне – Ермұхан Бекмаханов, Е898 көшесіне – Тұрсынбек Кәкішев атауы берілсін.

Сарыарқа ауданына қарасты №20-40 көшеге Сәбит Мұқанов есімі берілсін» делінген қаулыда.

Сонымен қатар мәслихат ұсынысы бойынша Дина Нұрпейісованың ескерткіші жанында орналасқан аллеяға «Қазақ елінің күйшілері мен күйші-композиторлары аллеясы» деген атау берілмек. Ал Сыртқы істер министрлігі ғимаратының алдында орналасқан аллеяны «Нәзір Төреқұлов атындағы дипломаттар аллеясы» деп атау ұсынылып отыр.

«Салтанат сарайы» кешені мен «The St. Regis Astana» қонақүйі арасында орналасқан сквер енді «Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің патшайымы II Елизавета атындағы сквер» деп аталуы мүмкін.

Көшелер мен аллеяларға атау беру туралы мәслихат қаулысы 10 күннен соң күшіне енеді.

«ЖАСЫЛ БЕЛДЕУГЕ» ҚЫРҒАУЫЛ ЖІБЕРІЛДІ

Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы «Астана орманы» ЖШС, «Астана ветсервис» кәсіпорны және Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясымен бірлесіп, елорданың «жасыл белдеуіне» 150 қырғауыл жіберді.

Бұл – қырғауылдардың биылғы екінші легі. Сәуір айында 700 құс жаңа жерге көшірілген еді. «Жасыл белдеуге» жерсінгенше құстарды «Астана орманы» қызметкерлері үнемі бақылап, қадағалап, қажет болған жағдайда, әсіресе қыс мезгілінде қосымша азықтандырып отырады.

Жасанды орман флорасын құру фаунаның дамуымен қатар жүруі керек. Сондықтан қырғауылдарды қолдан өсірудің басты мақсаты – елорданың жасанды түрде жасалған «жасыл белдеуінің» аумағын толтырып, олардың көбеюіне қамқорлық көрсету. Қырғауылдар табиғи ортада көбейіп, оған залал келтіретін көптеген зиянкестерді жою арқылы тепе-теңдікті сақтауда әсері мол. Сонымен қатар жасанды түрде өсірілген қырғауылдарды табиғи саябақтар мен жасыл аймақтарға жібере отырып, эстетикалық мақсатта да кеңістікті толтыратын болады.

МҰҚТАЖ ЖАНДАРҒА КӨМЕКТЕСТІ

Құрбан айт мерекесі күндері Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің бастамасымен «Астана жастары» жастар ресурсы орталығының еріктілері және автоволонтерлердің ұйымдастыруымен әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға және мұқтаж жандарға ет таратылды.



– Құрбан айт мерекесіне орай Нұр-Сұлтан қаласының белсенді жастары, қала тұрғындары, аудандық әкімдіктердің, қалалық басқармалардың өкілдері біріге отырып, үш күн бойы мұқтаж азаматтарға ет таратуды ұйымдастырып жатыр. Бұл іс-шараға волонтерлер мен автоволонтерлер қатысып отыр. Олардың жалпы саны 500-ден асады. Бұл іс-шара әкімдіктің қолдауымен соңғы бес жылда тұрақты түрде жүзеге асырылып келе жатыр, – деді Жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы Аян Ерментаев.


Бұл іс-шараның басты мақсаты – қасиетті мерекеде мұсылмандық парызды орындау, мұқтаж жандарға көмектесу.

«Құрбан айт мерекесіне орайластырылып өткізіп жатқан бұл іс-шараның сауабы мол. Құрбандыққа шалған мал етінің бір бөлігін әлеуметтік аз қамтылған отбасылар мен мұқтаж жандарға таратып беріп жатырмыз. Көңіл күйіміз керемет. Осындай игі іске атсалысқаныма қуаныштымын» дейді еріктілердің бірі Дамир Айтымов.

Айта кетейік, елордалық волонтерлер бұған дейінгі мерекелерде де мұқтаж отбасыларға азық-түлік себетін таратып,

1682 жылы суға батып кеткен ханзаданың әскери кемесі – «Глостер» Англияның шығыс жағалауында табылды.

Апат кезінде кемеде болашақ король Джеймс II болды. Теңіз тарихшылары мұны соңғы 40 жылдағы ең маңызды олжа деп атады. Норфолк округінің жағалауындағы «Глостер» фрегатын сүңгуірлер тобы тапты. Ағайынды Джулиан және Линкольн Барнвелл әкелерімен және бірнеше достарымен бірге төрт жыл бойы 5000 теңіз милін қамтитын әйгілі фрегатты іздеген еді.



Қытайда екінші санатты мемлекеттік қорғауға алынған сирек кездесетін папоротниктер түрінің бірнеше тоғайлары Юньнань провинциясы, Ланцанг округінің Фубан ауылында табылды.

Динозаврлар заманынан бері өсіп, бүгінге дейін сақталған ағаш папоротниктерінің бұл түрі – ежелгі организмдер мен Жер эволюциясын зерттеу үшін «тірі қазба».

ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

– Нұр-Сұлтан қаласында үлескерлердің даулы мәселелері біртіндеп шешіліп келеді. Өзім де осы күрделі жайтқа байланысты алаңдап жүрмін. Бүгінде әкімдік пен құрылыс компанияларының қандай нәтижеге қол жеткені туралы білгім келіп еді.

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Президенттің тапсырмасына сәйкес, құрылысы ұзаққа созылған нысандардың жұмысын аяқтау бойынша елордада ауқымды жұмыс жүйелі жүріп жатыр. 150 көппәтерлі тұрғын үй кешенінің 90-ы аяқталды. 16 мың үлескердің 13 мыңы өздеріне тиесілі пәтерін алды. Қазір қалған 3 мың үлескердің проблемасымен айналысып жатырмыз. Олардың бір бөлігін биыл шешеміз, қалған бөлігін келесі жылы аяқтауды жоспарлап отырмыз. Дегенмен мұндай жағдайға душар болған жаңа үлескерлердің де болмауы өте маңызды. Өйткені қашан да қауіп бар. Алданған үлескер болмау үшін құрылыс жұмысын жүргізетін ұйымның өткен тарихын зерттеу, құжатын тексеру қажет.



АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Шахзада НҰРӘЛІҚЫЗЫ, елорда тұрғыны:

– Балам неврологиялық науқасқа шалдығуына байланысты ерекше күтімге зәру. Сол себепті елордадағы осындай сәбилерге арналған орталықтар туралы білгім келіп еді.

Оқырман сауалына Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур МҰРАТОВТЫҢ жауабын ұсынамыз:

– Мемлекет балалардың құқығын қорғауға және оның денсаулығын сақтауға әрқашан көңіл бөліп келеді. Жақында ғана «Қамқорлық» ерте араласу орталығы ашылды. Оның негізгі қызметі – дамудың ерте кезеңіндегі, атап айтқанда, үш айдан үш жасқа дейінгі балаларға кешенді оңалту көмек көрсету. Мұндай орталықтар балаларымызға неврологиялық ауруларды емдеуге көмектеседі, оңалту және сауығу үдерісін жеделдетеді. Бұл орталық айына 50 баланы қабылдауды жоспарлап отыр. Мұнда қазірдің өзінде бағдарламалар әзірленген, тәжірибелі мамандар тобы балалар ауруларының ерекшелігін ескере отырып, кешенді оңалту үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Кеселге шалдыққан балалардың әрқайсысына ауруы мен салдарының деңгейіне қарай жеке көзқарас ұсынылып, оны сауықтыруға орталықтағы барлық мүмкіндікті қолданады.

БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

11.07.2022

ELORDA.INFO

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ

	Астаналық базар	«Әлем» базары	«Шапағат» базары	«Шарын» базары
Бірінші сортты бидай ұны	450	260	420	220
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	150	90	140	120
Макарон өнімдері	330	235	290	300
Қарақұмық жармасы	650	650	580	600
Тазартылған күріш	480	450	400	380
Картоп	250	200	220	200
Сәбіз	300	250	260	250
Пияз	350	250	330	260
Қырыққабат	250	150	160	150
Қант	880	750	760	750
Күнбағыс майы	1100	900	925	750
Сиыр еті	2650	2500	2200	2300
Тауық еті	1400	1310	1350	1350
Пастерленген сүт	360	310	390	290
Айран	400	305	450	300
Сары май	4000	4000	4000	1600
Тауық жұмыртқасы	50	40	45	40
Ас тұзы	80	150	80	60
Сүзбе	1000	1900	1200	1000

«R'n'R Group» ЖШС «Нұр-Сұлтан қаласында нан-тоқаш өнімдерін өндіру зауыты, сүт өңдеу зауыты және көкөніс қоймасы құрамында «R'n'R Group» ЖШС өндірістік кешенін салу. III кезек (сүт өңдеу зауытын салу)» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2022 жылғы 23 тамызда сағат 11:00-де Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, ҚТЖ оқу орталығы, А184 көше, 9/1.

Карантин ұзартылған жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz ұсынылады.

Жобаға тапсырыс беруші: «R'n'R Group» ЖШС, байланысушы тұлға: Ковальчук В.В., тел.: 8-775-434-44-33.

Жобаны әзірлеуші: «СТРОЙИНДУСТРИЯ» ЖШС, e-mail: too.si@mail.ru, тел.: 8-7182-51-24-86.

Әсер ету аумағы – Нұр-Сұлтан қаласы.

Жоба материалдарымен БЭП және «Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы« ММ сайтында «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.


Қосымша ақпаратты тапсырыс берушінің мекенжайы бойынша алуға болады: Нұр-Сұлтан қ., Алматы ауданы, Астана-Қарағанды тасжолы, 71/1 ғимарат.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей Нұр-Сұлтан қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының электрондық мекенжайы бойынша қабылданады: r.dzhusupov@astana.kz, әзірлеуші: too.si@mail.ru



ЛУЧШИЙ ТОВАР КАЗАХСТАНА ОТМЕТИЛИ В СТОЛИЦЕ

СТР. 2 | ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО



КОЛЛЕДЖИ: ПРОДОЛЖАЕТСЯ ПРИЕМ ЗАЯВЛЕНИЙ НА ОБУЧЕНИЕ

СТР. 5 | ОБРАЗОВАНИЕ



ГОРОДСКАЯ МЕТЕОСТАНЦИЯ. КТО СЛЕДИТ ЗА ПОГОДОЙ

СТР. 7 | ПОДРОБНОСТИ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

ВЕЧЕРНЯЯ

ИЗДАЕТСЯ С 13 ОКТЯБРЯ 1990 ГОДА

№81
(4377)
Вторник
12 июля
2022 года

NurSultan

АСТАНА

ELORDA AQPARAT

4187022310500161

Коронавирус: новая атака

В двух мегаполисах страны - самое большое число заболевших коронавирусной инфекцией.

По данным на 11 июля, в сутки всего по республике зарегистрировано 454 новых случая заболевания. При этом в Нур-Султане - 118 человек, в Алматы - 200.

На сегодняшний день, хоть число заболевших растет, внедрение системы Ashyq и запрет на въезд или выезд из Нур-Султана не рассматривается.

ЦИФРА ДНЯ

7 300 МЕСТ
СОСТАВИЛ ГОСЗАКАЗ НА 2022-2023 УЧЕБНЫЙ ГОД В КОЛЛЕДЖАХ СТОЛИЦЫ. ТЕМ САМЫМ НА
2 550 МЕСТ
УВЕЛИЧЕН ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЗАКАЗ НА БЕСПЛАТНОЕ ОБУЧЕНИЕ.

Исторические имена

Каким школам будут присвоены имена известных деятелей, сообщил на заседании Общественного совета руководитель городского Управления по развитию языков и архивного дела Сакен ЕСИРКЕП.

По словам спикера, школе-лицею №70 предлагается присвоить имя видного советского партийного и государственного деятеля СССР Темирбека Жургенова, школе-лицею №92 - имя профессора Ақжан Әл-Машани, школе-гимназии №65 - имя казахского поэта Магжана Жумабаева, школе-лицею №88 - имя народного писателя Қадыра Мырза Әлі, школе искусств №1 - имя казахского волостного правителя и дипломата Таттимбета.




ТВОРЧЕСКИЙ ПОДАРОК ГОРОДУ

В выставочном фойе монумента «Байтерек» открылась выставка экспонатов, подаренных столице получателями услуг Центра социального обслуживания «Шарапат». Всего на экспозиции представлено 15 работ, выполненных в различной технике - валяние войлока, панно из бисера, ниткография, рисование на стекле и многое другое.

СТР. 3

Еще одна точка притяжения

Новый каскадный амфитеатр открылся в Нур-Султане. Об этом сообщили на официальной странице столичного Центра урбанистики в Instagram.



«Амфитеатр послужит одновременно местом для проведения мероприятий, концертов, спектаклей, творческих выражений и отдыха горожан», - говорится в сообщении.

Новое общественное пространство под открытом небом находится в Президентском парке, между рекой Есиль и Дворцом мира и согласия со стороны улицы Нажимеденова.

Здесь создана и детская игровая площадка из экологически чистых материалов.

«Появляется все больше данных в пользу того, что интереснее всего естественная среда, но в городских условиях трудно создать естественную среду. Поэтому мы стараемся творить игровые площадки из природных материалов», - отметили урбанисты.



Принять участие в опросе Elorda.info может любой желающий. Для этого необходимо пройти по ссылке посредством QR-кода и ответить на вопрос.



Капризы столичной погоды

Немногие знают, что в Нур-Султане до сих пор действует самая первая городская метеостанция с более чем вековой историей. Со дня основания она не прекращала свою работу ни на минуту. Каждый день ее сотрудники определяют скорость ветра, облачность и температуру воздуха.







ИЗ ИСТОРИИ

РГП «Казгидромет» насчитывает 15 региональных филиалов по всему Казахстану, метеорологический мониторинг проводится на 330 метеорологических станциях, размещенных во всех регионах страны. На территории современного Казахстана наблюдения и составление прогнозов погоды началось еще в середине XIX века. Из 330 метеорологических станций 35 имеют вековую историю наблюдений. Одна из них - метеостанция «Нур-Султан».

За обязательства отслеживать погоду в Акмолинске взялся штабс-капитан Константин Лазарев. Именно он по собственной инициативе 1 ноября 1870 года открыл первую в городе метеостанцию, приобретя в Омске ртутный термометр и барометр-анероид. Узнав об этом, в 1873 году главная физическая обсерватория выслала энтузиасту полный комплект инструментов для ведения метеорологических наблюдений и инструкцию академика Генриха Вильда.

Сначала станция находилась в 100 метрах от берега реки Есиль, в южной части укрепления. В 1913 году ее перенесли в северо-западную часть города, недалеко от Астраханской трассы. И в течение двух-трех лет здесь были построены станция, квартира для наблюдателя и сторожа и башня для установки некоторых приборов.

РАБОЧИЕ БУДНИ

Оснащение станции неоднократно менялось. На смену прежним приспособлениям приходили новые, усовершенствованные модели. Однако методика работы специалистов остается прежней.

По словам работников метеостанции, количество которых составляет пять человек, измерения всех метеорологических параметров - температуры и влажности воздуха, атмосферного давления, облачности, видимости, ветра, осадков, температуры поверхности почвы - проводятся вручную 8 раз в сутки. Отметим, это единственная в городе метеостанция, где используется человеческий труд, две остальные - автоматические.

- Работу станция никогда не прекращала и не прекращает. Круглосуточно при любых погодных условиях техники метеостанции предоставляют в Казгидромет информацию для составления прогнозов погоды и накопления многолетних данных, - рассказывает **начальник метеостанции «Нур-Султан» Светлана МОРДВИНОВА**.

Сняв все показания, дежурный техник метеостанции каждые три часа составляет зашифрованную под код телеграмму и отправляет ее по электронной почте. В случае неполадок с Интернетом телеграмму передают по телефону. Раньше в ходу был обычный телетайп. А еще раньше, до повсеместной телефонизации, метеорологи составляли отчеты лишь за пять и 10 дней - пентады и декады.

Отметим, результаты измерений направляются не только в национальную службу метеорологии, но и в мировые аналитические центры. В связи с чем вся работа столичных специалистов ведется по времени Гринвич. Это нужно для синхронности съема показаний, чтобы одновременно фиксировались необходимые параметры погоды. Затем данные со всех уголков планеты стекаются в международные центры климатологии, где их анализируют ученые.

Трудятся здесь посменно. Одна из главных задач техников-метеорологов - пристально следить за изменениями погоды, чтобы не пропустить начало важного природного явления.

- Как говорится, у природы свои правила. Так и у природных явлений нет постоянного графика, они могут начаться когда угодно, даже если в течение всего дня перемены в погоде ничего не предвещало. Поэтому мы все время начеку. Каждые осадки фиксируем по времени, например, начало дождя, часы его усиления, ослабления и остановки, - рассказывает руководитель метеостанции.

Светлана Николаевна признается, что хотела бы видеть в коллективе новых, молодых сотрудников. Последний «новенький» пришедший в коллектив сотрудник работает на станции около 10 лет.

- Мы лишь собираем информацию по факту, прогнозы составляют уже в Казгидромете. Но при этом наша работа хоть и нужная, но по большей части рутинная, а местами даже тяжелая. Для сбора показателей необходимо выходить на улицу днем и ночью, в жару, дождь и метель. Однако работать у нас будет интересно тем, кто любит составлять и читать коды. Это на первый взгляд они кажутся тяжелыми, на самом деле все просто. Да и профессия у нас ответственная, от погоды многое что зависит, - отметила Светлана Мордвинова.

За время существования метеостанции сменилось не одно поколение работников. Неизменным остается график работы станции - 24 часа в сутки, 365 дней в году, в любых условиях фиксировать параметры погоды и в установленное время направлять сведения в центр для составления прогнозов погоды и накопления многолетних данных.

ПОГОДА В ДОМЕ

О переменчивой погоде в столице астанчане знают не понаслышке. Оказывается, она вызвана особым расположением города и климатом, объясняют специалисты.

- У нас резко континентальный климат - тип климата, характеризующийся стабильно жарким летом, стабильно морозной зимой и малым количеством осадков. Континентальный климат формируется в результате преобладающего воздействия на атмосферу крупных массивов суши. Переменчивая погода в столице объясняется открытостью города во всех направлениях, что позволяет беспрепятственно поступать как холодному арктическому воздуху, так и теплым воздушным массам Прикаспия и пустынь Центральной Азии. Причем погода может поменяться в считанные часы. А благодаря массовой застройке и изменениям глобального климата в городе становится все теплее, - рассказывает Светлана Николаевна.

За годы работы она не раз становилась свидетелем редких природных явлений.

- На моей памяти град величиной с вишню, сильный ветер с порывами 34 метра в секунду и пыльная буря. К счастью, такое случается крайне редко, -отмечает она.

Карина КУЩАНОВА
Фото **Василия КРАСЬ**

Сезон аллергии

Аллергия летом, увы, один из самых распространенных диагнозов. Насколько она опасна, лечится ли, к чему может привести самолечение - рассказывает врач-аллерголог-иммунолог Многопрофильной городской детской больницы № 2 Дмитрий КИМ.



- В последнее время люди чаще стали болеть аллергией, с чем это связано?

- Есть несколько причин. Здесь стоит отметить, что выявление аллергии стало лучше благодаря диагностике, а также потому что люди стали лучше следить за своим самочувствием и состоянием.

Еще можно отметить повышение уровня жизни - стало слишком чисто, при этом инфекционная нагрузка снизилась, а она иногда бывает полезна. Как известно, природа пустоты не терпит. Поэтому организм начинает искать себе новых врагов. Этими врагами становятся пищевые продукты, пыльца, пыль домашняя и прочее. Плюс не стоит забывать о предрасположенности. Факторов много. Все они суммируются и накладываются друг на друга. В итоге получается, что количество людей с аллергией растет.

- Как возникает у человека аллергия? Ведь это может произойти резко на какой-то запах или продукт.

- Если объяснить доступно, то аллергия возникает примерно так: происходит контакт с аллергеном, иммунная система распознает его как врага. Затем подается сигнал к специальным клеткам, которые вырабатывают вещества, и они уже сражаются с этим врагом. Реакции могут происходить очень быстро, вплоть до минуты. А могут иметь накопительный эффект.

- Всегда ли аллергия передается по наследству? И может ли быть приобретенной?

- Сама аллергия не передается, а передается наследственная предрасположенность к аллергии. Предрасположенность не дает 100%-ный шанс получить аллергию, лишь увеличивает риск ее развития. И чем больше факторов, о которых мы говорили выше, тем больше вероятность. И не важно, в каком возрасте это произойдет, хоть в один месяц, хоть в 20, 40, 60 лет.

Конечно, случаи, когда выявляют аллергию впервые и если ранее в семье никто этим не болел, тоже могут быть. Это бывает не часто, но бывает.

- Какие формы аллергии существуют?

- Проявление той или иной формы зависит от того, что в организме контактирует с аллергеном. Если это кожа, то будут высыпания, зуд, покраснение, дерматиты. Если это слизистая носа, то будет мучать насморк, заложенность, аллергический ринит, чихание. С глазами вы будете наблюдать конъюнктивиты - зуд, покраснение, частое и обильное слезоотделение. При бронхите может проявляться кашель, одышка, бронхоспазм. Все зависит от места контакта.

- Какие самые распространенные аллергены среди продуктов и веществ?

- Обычно то, с чем человек чаще контактирует, то чаще аллергеном и становится. То есть облигатные аллергены - те, которые наиболее часто вызывают реакции.

Если говорить о продуктах, то это молоко, яйца куриные, глютен, шоколад, клубника, мед, рыба, цитрусовые.

Если говорить о растениях, то здесь важно сказать о сезонности. В нашем регионе период цветения начинается с конца апреля - начала мая, когда начинают цвести деревья (береза, тополь), потом продолжают цвести луговые травы. И с середины июля до сентября - цветение сорных трав (полынь, лебеда и многие другие). Сроки могут меняться в зависимости от погоды. Если в каком-то месяце стоит тепло и жара, то аллергия может начаться раньше.

Из того, что вызывает аллергию дома, - это пыль, плесень.

Возможны и перекрестные реакции. Например, молоко коровье - говядина, орехи с орехами, береза - яблоко, киви - латекс, вариантов много.

- Как сейчас лечат аллергию?

- Лечение можно разделить на три вида.

Симптоматическое - снятие симптомов.

Патогенетическое, которое разрывает механизм развития аллергических проявлений.

Аллерген-специфическая иммунотерапия, которая тренирует организм не реагировать на аллергены. Происходит это путем периодического введения курсом низких концентраций доз аллергена.

В каждом виде есть свои нюансы. Каждый случай нужно смотреть отдельно.

- К чему может привести самолечение?

- В частности, самолечение сосудосуживающими препаратами может привести к тому, что придется потом долго перелечиваться и у аллерголога, и у оториноларинголога.

С осторожностью нужно относиться к сосудосуживающим каплям, у которых эффект быстрый, но при этом очень кратковременный эффект. Потом от них будет сложно отказаться. Может пройти несколько месяцев, чтобы перестать ими пользоваться. Мало того, что они потом не будут помогать, в дальнейшем на фоне отмены препаратов могут усилиться симптомы аллергии и состояние ухудшится.

- Как оказать первую помощь при аллергии?

- Из простого и доступного необходимо дать антигистаминный препарат в дозировке согласно инструкции. Но если реакция быстро нарастает и есть отеки лица и ниже, то нужно незамедлительно обращаться за медпомощью (скорая помощь, приемный покой больницы, ваша поликлиника).

- Может ли наступить ремиссия в аллергии? Или она остается с человеком всю жизнь?

- Конечно, может. И у большинства людей она наступает периодически. Другое дело, что длительность ремиссии может быть разной. У кого-то месяцы, у кого-то годы. Что касается детей, то есть вероятность перерасти болезнь. Выздоровления тоже бывают.

Екатерина ТЫЩЕНКО

Цены на рынках

11.07.2022

ELORDA.INFO

ПЕРЕЧЕНЬ СОЦИАЛЬНО ЗНАЧИМЫХ ТОВАРОВ

	Базар Астаналық	Базар «Әлем»	Базар «Шапағат»	Рынок «Шарын»
Мука пшеничная первого сорта	450	260	420	220
Хлеб пшеничный первого сорта	150	90	140	120
Макаронные изделия	330	235	290	300
Гречневая крупа	650	650	580	600
Очищенный рис	480	450	400	380
Картофель	250	200	220	200
Морковь	300	250	260	250
Лук репчатый	350	250	330	260
Капуста белокочанная	250	150	160	150
Сахар	880	750	760	750
Подсолнечное масло	1100	900	925	750
Говядина	2650	2500	2200	2300
Курица	1400	1310	1350	1350
Пастеризованное молоко	360	310	390	290
Кефир	400	305	450	300
Сливочное масло	4000	4000	4000	1600
Куриные яйца	50	40	45	40
Пищевая соль	80	150	80	60
Творог	1000	1900	1200	1000

ТОО «R'n'R Group» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по отчету о возможных воздействиях к рабочему проекту «Строительство производственного комплекса ТОО «R'n'R Group» в составе завода по производству хлебобулочных изделий, молокоперерабатывающего завода и овощехранилища в г. Нур-Султан. III очередь (строительство молокоперерабатывающего завода)».

Общественные слушания состоятся 23 августа 2022 года в 11.00 по адресу: г. Нур-Султан, район «Алматы», учебный центр КТЖ, улица А184, 9/1.

В случае продления карантина слушания будут проведены в режиме онлайн посредством видеоконференции на платформе Zoom. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале (ЕЭП) https://ecoportal.kz.

Заказчик проекта: ТОО «R'n'R Group», контактное лицо: Ковальчук В.В., тел. 8-775-434-44-33.

Разработчик проекта: ТОО «СТРОЙИНДУСТРИЯ», e-mail: too.si@mail.ru, тел. 8 (7182) 51-24-86.

Территория воздействия - г. Нур-Султан.

С материалами проекта можно ознакомиться на ЕЭП и на сайте ГУ «Управление охраны окружающей среды и природопользования г. Нур-Султан» в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию можно получить по адресу заказчика: г. Нур-Султан, район «Алматы», трасса Астана - Караганда, здание 71/1.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу Управления охраны окружающей среды и природопользования: г. Нур-Султан - r.dzhusupov@astana.kz, разработчика - too.si@mail.ru.